

Ерейментау- Ақпарат

№ 26 (126)
14 шілде
2022 жыл



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

КӘСІП БОЛСА - НӘСІП БОЛАДЫ

ДОБРО ЦЕНГЕ СОҚПАЙ ӨТПЕҢІЗДЕР!

Бүгінгі күні бағаның шарықтауы халықты қатты алаңдатып отыр. Күнделікті халық тұтынатын тауарлар мен азық-түліктің бағасы апта сайын қымбаттауда. Сондықтан бұл мәселе қазіргі күн тәртібінде бірінші кезекте тұрғаны рас. Қала тұрғындары қашанда арзан тауар мен азық-түлік сататын дүкендерді жағалайды. Бірақ қазір ондай арзан дүкен табу оңай емес.

Дегенмен, Қазақстанда арзан бағамен сататын сауда желілері бар екенін білеміз. Солардың бірі халыққа белгілі – «Доброцен» дүкендер желісі. Қазір бұндай дүкендер (супермаркет) Қазақстанның көптеген қалаларында жұмыс істеп тұр.



Осындай «Доброцен» сауда желісінің бір дүкені жуырда, 8 шілде күні Ерейментау қаласында ашылды. Қаладағы «Солнечный» сауда үйінде орналасқан бұл супермаркеттің салтанатты түрде тұсаукесері де болып өтті. Аталмыш тұсаукесер шараға аудан әкімі Абай Әлжанов, Ерейментау қаласының әкімі Сапар Барлыбаев, аудандық мәслихаттың хатшысы Медеу Әбжіковтер келіп қатысып, дүкен иелерін жаңа сауда орнының ашылуымен құттықтады. Осы іс-шарада сөйлеген аудан әкімі Абай Әлжанов:

-Біздің қаламыз үшін бұндай дүкеннің ашылуы үлкен маңызды оқиға. Біріншіден, бұл дүкен қала тұрғындарын

үлкен тауар және азық-түлік ассортиментімен қамтамасыз етеді. Екіншіден, бірнеше жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұның барлығы біздің қаламыз үшін үлкен жетістік. Сондықтан дүкен иелеріне және қызметкерлеріне тұрғындармен тіл табысып, тиімді еңбек етуіне тілек білдірем, - деді. Осыдан соң дәстүр бойынша дүкеннің лентасын аудан әкімі мен дүкен директоры Аяжан Қабылдинова қиып, тұрғындар дүкен ішін аралап, тауарлардың бағасымен, сапасымен танысып шықты. Дүкенде тауарлар мен азық-түліктің мыңнан аса ассортименті бар екен.



Мысалы, жоғары сапалы – шұжықтар, макарон түрлері, тәттілер, сусындар, маринадтар, жемістер т.б. Сондай-ақ, күнделікті тұрмысқа қажетті заттар, түрлі өндірістерден шыққан тұрмыстық химия, басқа да нетүрлі тауарлар бар. Келушілердің кейбірінен дүкендегі тауарлар жайлы сұрап едік, «ассортименті де мол және біздегі дүкендерге қарағанда көп арзан екен» деді. Яғни, аталмыш сауда орнының заттарына халықтан сұраныс болады деген сөз.

Людмила МАРКОВА,
фотосуреттерді түсірген автор

ХАБАРЛАМА

Кандидаттар мен олардың сенім білдірілген адамдарының сайлау науқаны кезінде Олжабай батыр атындағы ауылдық округ сайлаушыларымен кездесу КЕСТЕСІ

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайдың мекен-жайы	Күні
1	Олжабай батыр атындағы ауылы	Благодат дәрігерлік амбулатория холлы, Әміржан Кенбаев көшесі, 25.	20.07. 2022 ж. сағат 18.00-ден бастап 30.07. 2022 ж. 00.00 сағатқа дейін

Ескертпе: "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Заңының 28-бабы 4-тармағына сәйкес: Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Үй-жай беру шарты барлық кандидаттар үшін бірдей және тең болуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған «Үздік мақала», «Үздік журналистік зерттеу» республикалық байқауы туралы ЕРЕЖЕ

№ _____ жылғы
Қаулыға қосымша

1. Жалпы ережелер
1. Осы Ереже сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша журналистер арасындағы «Үздік мақала», «Үздік журналистік зерттеу» республикалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Конкурсқа республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері, сондай-ақ журналистика мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер қатыса алады.
3. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Орталық деңгейде Конкурсты ұйымдастырушылар болып табылады. Облыстық деңгейде – партия филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментімен бірлесіп.
4. Байқау партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, білім мен тәрбиені қалыптастыруға бағытталған 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын және Қазақстан

Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде өткізіледі.
2. Конкурс мақсаттары мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа азаматтарды тарту және қазіргі заманғы қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл проблемасына олардың назарын аудару болып табылады.
3. Конкурс шарттары
6. Конкурстық жұмыстың тақырыбы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әртүрлі бағыттарын қозғап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу тәсілдерін, сыбайлас жемқорлық көріністерінің орын алу себептерін талдауды, сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілікті қалыптастыратын жалпылама қабылданған моральдық нормаларды насихаттауды қамтуы тиіс. Конкурстық жұмыстар сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының тарихи аспектілерін талдауды, халықаралық тәжірибені ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәсілдерін, сондай-ақ қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне деген төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған байқау жұмысы авторының белсенді азаматтық

ұстанымы туралы ақпаратты және сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою бойынша азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының конструктивтік ұсыныстары мен бастамаларын қамтуы мүмкін
7. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар:
1) Конкурсқа қатысу үшін журналистік зерттеуге материалдарды, мақалаларды (2022 жылдың қаңтарынан бастап конкурстың аяқталу күніне дейін жарияланған және эфирге шығатын жарияланымдар мен хабарлар циклдері) қатаң түрде берілген тақырып бойынша дайындау қажет;
2) жұмыс, оның мазмұны, сюжеті, сахналық тұлғалардың және кейіпкерлердің әрекеті Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы болмауы қажет;
3) ұсынылған конкурс жұмыстарында жалған мәліметтерді пайдалануға рұқсат етілмейді;
4) бөтен бейнеграфикалық материалдарды, мәтіндерді, дизайн идеяларын толықтай және ішінара пайдалануға (уақытша пайдалануға) рұқсат етілмейді. Бейнелер дұрыс қамтылуы қажет, онда жағымсыз лексика немесе ымдау цензурасы, зорлық көріністердің болмауы, сондай-ақ ұлтаралық және діни өшпенділікті тудырмауы қажет;

5) журналистік зерттеу материалдары, мақалалар конкурсқа қатысушылардың әлеуметтік парақшаларында немесе әлеуметтік желілердегі, интернет-сайттардағы, электрондық бұқаралық ақпарат құралдарындағы танымал қауымдастықтарда сипаттамада бейнероликтің авторын көрсете отырып, жариялануы тиіс.
8. Конкурсқа қатысу үшін өтінім осы Ережеге қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес беріледі:
Өтінімге:
1) жарияланымдар материалдың түпнұсқасында немесе көшірмесінде ұсынылуы тиіс;
2) қағаз немесе сканерленген көшірме түрінде конкурс жұмысының мазмұны мен жұмыстың техникалық сипаттамалары, автордың аты-жөні және байланыс ақпараты көрсетілген қысқаша сипаттама қоса беріледі;
3) конкурстық жұмыс бейне/аудио файлдар форматында қолма-қол немесе электрондық пошта арқылы ұсынылады немесе әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда жарияланған материалдардың беттеріне сілтемелер жіберіледі.

(жалғасы 2 бетте)

(басы 1 бетте)

9. Конкурс жұмыстары 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін партия Филиалдарына «Үздік мақала», «Үздік журналистік зерттеу» белгісімен, қолма-қол поштамен немесе өтінімнің скан-нұсқалары, роликтің және конкурс жұмысының қысқаша сипаты қоса беріле отырып, Филиалдардың электрондық поштасына жіберіледі.

10. Конкурсқа жолданған материалдар қайта қайтарылмайды және оларға рецензия жазылмайды.

11. Конкурс қатысушысы өтінімдердің шексіз санын бере алады.

4. Конкурстық комиссиялар

12. Жеңімпаздарды анықтау мақсатында Орталық және Аймақтық конкурстық комиссия құрылады.

13. Орталық конкурс комиссиясын партия жанындағы Сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы басқарады, ол сондай-ақ Орталық конкурс комиссиясының төрағасы болып табылады. Бұл комиссияның жеке құрамы партияның жауапты хатшысының бұйрығымен бекітіледі.

Орталық конкурстық комиссияның құрамына Агенттіктің, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және басқа да адамдар кіруі мүмкін.

14. Аймақтық конкурстық комиссияны партия филиалы жанындағы сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы басқарады, ол Аймақтық конкурстық комиссияның төрағасы болып табылады. Аталған комиссияның жеке құрамы партияның аймақтық филиалы атқарушы хатшысының бұйрығымен бекітіледі.

Аймақтық конкурстық комиссияларының құрамына Департаменттің, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және басқа да адамдар кіруі мүмкін.

15. Конкурстық жұмыстарды бағалау кезінде комиссия мүшелері келесі критерийлерді назарға алады:
- өлеуметтік желілердегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрулер, үнатулар және аудиторияны жалпы қамту

саны;
- жаңашылдық (ұсынылған тәсілдер және алынған нәтижелері ескеріледі);
- белгіленген тақырыпқа жұмыстың сәйкестілігі;
- автордың жұмыстың мазмұнын ашу тереңдігі және аргументтілігі;
- шығармашылық шешімнің техникасы және кәсібилігі, қолданылатын жарнаманың, әлеуметтік әдістеменің және технологияның аудиторияға әсер ету тиімділігі;
- конкурс жұмысының өлеуметтік маңыздылығы, оңтайлығы және шығармашылығы;
- таңдалған жұмыстың орындалу стилінің орындылығы мен дәлдігі.

5. Конкурстық комиссияның құқығы мен міндеттері

16. Конкурстық комиссияның:
1) келіп түскен материалдарды бағалауға;
2) осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстардың өтінімін қабыл алмауға құқығы бар.

17. Конкурстық комиссия:
1) барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасауға;
2) Конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің алдын ала жариялануына жол бермеуге міндетті.

18. Конкурстық комиссия мүшесі Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

19. Мүшелерінің жартысынан артығы қатысатын болса, конкурстық комиссия отырысы заңды болып табылады.

20. Конкурстық комиссия оның отырысына қатысып отырған мүшелер дауысының көптігіне қарай шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6. Конкурсқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

21. Конкурсқа қатысушылар:
1) Конкурстың шарттары және өткізу тәртібі туралы ақпаратты алуға;
2) Конкурсқа қатысу үшін материалдарды жолдауға құқығы бар.

22. Конкурсқа қатысушылар:
1) Осы Ереженің талаптарына сай ресімделген материалдарды уақытылы ұсынуға;
2) Осы Ережемен қарастырылған қағидалар мен рәсімдерді қадағалауға

міндетті.

7. Конкурсты өткізу шарттары және тәртібі

23. Конкурс 2 кезеңнен тұрады: аймақтық және республикалық.

24. Конкурстың аймақтық кезеңінде филиалдар қатысушылардың өтінімдерін қабылдауды және өңдеуді ұйымдастырады. Департаменттің өкілдерімен бірігіп аймақтық комиссия жұмысы үшін құжаттар пакетін дайындайды, отырысқа дайындық және ұйымдастыру жүргізеді. Аймақтық конкурстық комиссия дауыс беру нәтижелерін және шешімді комиссия отырысының хаттамасына енгізеді және оған төраға қол қояды.

Конкурстың аймақтық кезеңінің қорытындыларын филиалдар 2022 жылғы 24 қыркүйекті қоса алғанға дейін шығаруы тиіс.

Конкурстың республикалық кезеңінен өткен үш үміткердің конкурстық жұмыстары және комиссия отырысы хаттамаларының көшірмелері 2022 жылғы 27 қыркүйегіне дейін «AMANAT» партиясының Орталық аппаратына (Астана қаласы, Қонаев көшесі 12/1, 7 қабат, 709 кабинет, Партиялық бақылау департаменті, тел. +7(778)097-51-27, 8701-057-20-00) немесе zh.daurekhanov@amanatpartiasy.kz электрондық мекен-жайына «Үздік мақала», «Үздік журналистік зерттеу» деген белгімен жолданады.

25. Конкурстың республикалық кезеңінде Партияның орталық аппараты Конкурстың аймақтық кезеңінен өткен үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастырады, тізімді қалыптастырады және Орталық конкурстық комиссияға құжаттар пакетін тапсыру үшін қатысушылардың тізімін және материалдарын дайындайды және олардың отырысын дайындап ұйымдастырады.

Орталық конкурстық комиссия отырыс өткізеді, онда аймақтық кезеңде іріктеуден өткен үміткерлердің келіп түскен материалдары қарастырылады. Дауыс беру нәтижелері комиссия отырысының хаттамасына енгізіледі және оған партия Хатшысы қол қояды.

Конкурстың 1, 2 және 3 орындарын иеленген жеңімпаздарын анықтау туралы

шешімді Орталық конкурстық комиссия 2022 жылдың 14 қазанына дейін қабылдайды.

26. Конкурстың жеңімпаздары туралы ақпарат, Орталық конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қатысушылардың назарына жеткізіліп, партияның ресми сайтында жарияланатын болады.

8. Марапаттау

27. Орталық конкурстық комиссия мүшелері республикалық конкурстың үш жеңімпазын айқындайды, оларға салық және бюджетке міндетті төлемдер есепке алынбайтын мынадай мөлшердегі біржолғы ақшалай сыйақы төленетін болады:
бірінші орын үшін - 300 000 (үш жүз мың) теңге;
екінші орын үшін - 200 000 (екі жүз мың) теңге;
үшінші орын үшін - 150 000 (жүз елу мың) теңге.

28. Конкурстың Республикалық кезеңінің 1,2 және 3 орындарды иеленген қатысушылары Партияның орталық аппаратына шақырылады және жүлделі орындарын көрсете отырып дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады. Конкурстың республикалық кезеңінің қалған қатысушылары қатысқандары үшін алғыс хаттармен марапатталады.

29. Конкурстың облыстық кезеңінің қатысушылары дипломдармен, алғыс хаттармен және демеушілер, қайырымдылық қаражаты есебінен естелік сыйлықтармен марапатталады (Партиялық бақылау бөлімімен келісілуі арқылы).

30. Республикалық кезеңге қатысушылардың жол жүру және тұруын ұйымдастыру партия қаражаты есебінен Конкурс ұйымдастырушылары жүзеге асырады.

31. Конкурстың қорытындылары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ партияның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

«Үздік мақала», «Үздік журналистік зерттеу» республикалық конкурсы туралы ережеге қосымша

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІМІ

Аты-жөні немесе ұйымның атауы	
Туған күні	
тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефон, e-mail.	
Жұмыс орны (лауазымы), білім беру мекемесінің атауы (курс)	

Конкурс шарттарымен таныстым және келісемін. Автор ретінде конкурс жұмысын өтеусіз негізде коммерциялық емес мақсаттарда Интернет желісінде орналастыруға, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы теле- және радиобағдарламаларында және сыртқы жарнама тасығыштарда пайдалануға, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға қарсы емеспін.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЕРТІС БОЙЫНДАҒЫ БАСҚОСУ



Бүгінгі күні республикамызда жастар саясатына ерекше мән беріліп отыр. Оның себебі, жастар – елдің болашағы, жастар – ертеңгі күннің еңбек ресурсы. Қысқаша айтсақ, елдің болашақ иелері. Сондықтан жастарды осы бастан отансүйгіштікке, түрлі мамандыққа, кәсіпкерлікке, ұлттық салт-дәстүрге бейімдеу мемлекеттік саясаттың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Осының дәлеліндей, ағымдағы жылдың 29 маусымы мен бірінші шілдесі аралығында Павлодар қаласында Жастар Бастамаларының Дамыту Орталығында «NEET санатымен жұмыс істеу кезінде кәсіби және өмірлік дағдыларға оқыту» тақырыбында үш күндік республикалық семинар-тренинг болып өтті. Семинарға Ерейментау ауданының жастар ресурстық орталығының директоры мен маманы арнайы барып қатысты.

Аталмыш семинар аясында Жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерін NEET санатындағы жастармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдеріне оқыту жүргізілді.

Мысалы, қазіргі таңда елімізде жұмыссыз жастардың саны өсуде. Осыған байланысты республика бойынша көптеген іс-шаралар өтуде. Соның бірегейі Павлодар қаласында болып өткен осы семинар-тренинг. Бұл жерде еліміздің әр аймағынан келген жастар орталықтарының өкілдерін семинар барысында арнайы бағыт-бағдар алып, тәжірибелерін молайттып қайтты.

Семинар соңында барлық қатысушыларға Қазақстан Республикасы Ақпараттық және қоғамдық даму вице-министрі Александр Данилов сертификат табыстады.

Жансұлу АБСАМАТОВА, Жастар ресурстық орталығының маманы

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Өңірде 15 маусымнан бастап COVID-19-ды жұқтырғандардың алғашқы жағдайы анықталды. Өткен аптада 8 адам қауіпті індетке шалдықты. 26 маусым мен 3 шілде аралығында 20 адам коронавируспен сырқаттанған, оның 10 еке алған. 14 адам дер кезінде ревакцинациядан өтпеген, - дейді мамандар.

Шілде айында Бурабай ауданында 4, Көкшетауда үш жағдай анықталды. Сондай-ақ Біржан сал ауданында 2 адам коронавирус жұқтырса, Атбасар, Аршалы және Ерейментау аудандарында 1 деректен тіркелген.

11 адамның өз бетінше дәрігердің көмегіне жүгінген тұста коронавирусқа шалдыққаны анықталды. Байланыста болғандардың арасында ауру жұқтырғандар тіркелген жоқ. Сырқаттанғандардың барлығы аурудың белгілері пайда болғаннан кейін медициналық көмекке жүгінген.

Екпе егу жұмыстары басталғаннан бері вакцина қабылдауға жарамды тұрғындардың 76 процентке жуығы бірінші компонентін алған. Екпенің екінші компонентін 73 процентке жуық тұрғын қабылдап үлгеріпті. Мамандар коронавируспен қарсы вакцинаның барлық компонентін егу қажеттігін тағы да ескертеді.

153 мыңға жуық тұрғын ревакцинациядан өтті. Бұл жалпы халықтың 60 проценттен астамы. Ревакцинация бойынша біздің өңір республика бойынша 9-шы орында. Қайталап ревакцинациялаудан бірінші орындамыз. 15598 адамға екпе егілді, - дейді облыстың Бас санитар дәрігері Айнагүл Мусина.



ҚАЗАҚСТАНДА СОҢҒЫ ТӘУЛІКТЕ 482 ТҮРҒЫН КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРДЫ

Қазақстанда өткен тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 482 жағдай тіркелді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мәліметінше, елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 1 310 370-ке жетті.

Өткен тәулікте анықталғандардың ішінде:

Нұр-Сұлтан қаласында - 123,
Алматы қаласында - 205,
Шымкент қаласында - 28,
Ақмола облысында - 1,
Ақтөбе облысында - 3,
Алматы облысында - 29,
Атырау облысында - 15,
Шығыс Қазақстан облысында - 5,
Жамбыл облысында - 23,

Батыс Қазақстан облысында - 4,
Қарағанды облысында - 28,
Қостанай облысында - 0,
Қызылорда облысында - 6,
Маңғыстау облысында - 4,
Павлодар облысында - 4,
Солтүстік Қазақстан облысында - 0,
Түркістан облысында 4 адам қауіпті індетке шалдыққан.

Ал осы тәулікте 108 адам коронавирус инфекциясынан жазылып шыққан. Олар: Нұр-Сұлтан қаласында - 57, Алматы қаласында - 48, Павлодар облысында 3 тұрғын ауруынан айығып, қатарға қосылды. Елімізде барлығы 1 293 556 адам COVID-19-дан емделіп, сауығып шықты.

(2022 ЖЫЛҒЫ 12 ШІЛДЕ)



ЕЛОРДАҒА КІРІП-ШЫҒУҒА ТЫЙЫМ : КОРОНАВИРУС БЕЛГІЛЕРІ ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ САЛУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН ЖОҚ (2022 жылғы 11 шілде)

Нұр-Сұлтан қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Сархат Бейсенова елордаға кіріп-шығуға тыйым енгізу қарастырылып отырмағанын айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Өткен аптада Қазақстан аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия еліміздегі COVID-19-бен науқастану өсімін ескере отырып, қандай да бір өңір эпидемиологиялық тәуекелдің «сары» аймағына өткен жағдайда енгізілетін қосымша іс-шаралар туралы шешім қабылдады. Оның ішінде науқаспен тығыз қарым-қатынаста болғандарды қашықтан жұмыс істеу форматына көшіру, COVID-19-ға қарсы екпе салдыруға болмайтын қызметкерлер мен жүкті әйелдерді қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру шаралары бар», - деді Сархат Бейсенова. Оның атап өтуінше, Ashuq қосымшасын қайтадан іске қосу, Нұр-Сұлтан қаласына кіруге және шығуға тыйым салу көзделіп отырған жоқ. Дегенмен қала тұрғындарына адамдар жаппай жиналатын жерге барғанда, қоғамдық көлікке отырғанда маска тағу ұсынылады. «Әр адам, әсіресе созылмалы аурулары бар жандар денсаулығына төнетін тәуекел мен қауіпті түсінуі тиіс. Олардан адамдар көп жиналатын жерге барғанда маска тағып, барлық қауіпсіздік іс-шараларын сақтауға кеңес береміз. Екпе немесе қайтадан вакцинация алмаған тұрғындарға ұжымдық иммунитетті көтеру үшін дер уақытында вакцина алу маңыздылығын және қажеттілігін еске саламын», - деді ол.

Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Сархат Бейсенова айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Коронавирус ағымы өзгеріске ұшыраған жоқ. Науқастарда жіті респираторлық вирустық инфекциялардағыдай белгілер бар. Ауруға шалдыққандардың шамамен 70 пайызы - екпе алғанына ұзақ уақыт болған адамдар. Бірақ, бұл адамдар белгілі бір себептермен қайтадан вакцина алмаған. Әрине, бұл иммундық қорғаныстың төмендеуіне өсер етіп отыр», - деді Сархат Бейсенова. Оның атап өтуінше, аурудың өршітіндігі болжанған еді. Өйткені, жазғы уақыт демалыс маусымы болғандықтан адамдардың бір-бірімен араласуы артады. Бұған дейін Сархат Бейсенова коронавирустың өсіміне байланысты елордаға кіріп-шығуға тыйым енгізу қарастырылып отырмағанын айтқан хабарлаған едік.

КОРОНАВИРУСЫҢ ТАРАУ ҚАРҚЫНЫ ҮДЕГЕНІМЕН ЖЕҢІЛ ӨТІП ЖАТЫР

Коронавирус біршама төмен агрессивті формада өтеді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Сархат Бейсенова айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Осы жылдың маусым айының соңынан бері елордадағы коронавирус инфекциясына қатысты эпидемиологиялық жағдайдың күрделеніп келе жатқаны байқалады. Айталық, осыдан бір ай бұрын тәулік ішінде бірнеше ғана жағдай тіркелсе, соңғы екі аптада орташа тәуліктік тіркелім 120 жағдайға жетіп отыр. Соңғы тәулікте коронавирус инфекциясының зертханаларда дәлелденген 118 жағдайы тіркелді. Коронавирус инфекциясының даму қарқыны бойынша репродуктивтілік сан 1,958-ге тең», - деді Сархат Бейсенова. Оның айтуынша, аурушандықтың артуына қарамастан, коронавирус біршама төмен агрессивті формада өтіп жатыр. Ең бастысы науқастардың ішінде өкпені жасанды желдету аппаратына қосылғандар жоқ. «Қазіргі уақытта 118 науқас стационарларда, оның ішінде 11 науқас реанимация бөлімшесінде ем алып жатыр. Сонымен қатар 338 адам амбулаторлық жағдайда ем алу үстінде, - деді ол.

ӨТКЕН АПТАДА ӘЛЕМДЕ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫН ЖҰҚТЫРҒАҢДАР 5,8 МИЛЛИОННАН АСТЫ

(2022 жылғы 11 шілде)

Өткен аптада әлемде коронавирус инфекциясын жұқтырушылар саны 5,8 миллионнан асты, бұл алдыңғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1 миллионға көп. Бұл туралы ҚазАқпарат ҚР Үкіметі жанындағы Қазақстанда коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының Telegram каналына сілтеме жасап хабарлайды.

Кейбір Еуропа елдерінде аурудың күрт өсуі байқалады. Қазір Францияда күніне 150 мыңнан астам адам вирус жұқтырады. Бұл елдегі наурыз айының соңынан кейінгі ең жоғары көрсеткіш.

Одан кейін Германия, онда күн сайын 130-140 мың тұрғыннан коронавирус анықталады.

Үшінші орында Италия, онда көрсеткіштер тәулігіне 100 мың жаңа жағдайдан асып түсті.

«Сондай-ақ, жаздың басынан бері Испанияда ауру екі есе, Австрия мен Нидерландыда үш есе, Грецияда төрт, Бельгияда алты есе өсті. Төмендеу тек Португалияда байқалады, ал Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінде жағдай тұрақты», - делінген хабарламада.



Жалақының өсуі жалғасуда

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары ауқымды жұмыспен қамтуды дамытуға, жастарды жұмыс орындарына тартуға және еңбекақы төлеудегі теңгерімсіздікті жоюға бағытталған. Бағдарламаның Ақмола облысында қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы денсаулық сақтау, білім беру және спорт салаларының жауапты қызметкерлері айтып берді.



үміткер бола алады – жалақысы көп мұғалім-модератор бола алады.

– Сонымен қатар, дәптерлерді тексеру және сынып жетекшілігі үшін төлем ұлғайтылды. Тәлімгерлік үшін қосымша ақының жаңа санаты пайда болды. Мұғалімдердің мұндай жалақысы елдегі орташа айлық жалақымен салыстыруға болады. Кадр тапшылығы байқалатын өңірлерге педагогтарды тарту бойынша арнайы бағдарлама әзірленді. Педагогтарды ауылдық жерлерде жалақы коэффициентін 25 пайызға арттыру, тұрғын үй беру немесе жалдау құнын өтеу және коммуналдық қызметтерді төлеу қызықтырады. Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес, бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік қолдау ауыл мұғалімдеріне көрсетіледі, – деп атап өтті Махаббат Балташқызы.

Маманның айтуынша, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде, қажет болған жағдайда үйде оқыту кезінде, экологиялық жағдайы қолайсыз өңірлердегі мұғалімдерге қосымша төлемдер есептелуі мүмкін.

Спорт саласындағы табысты арттыру туралы сауалдарға Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Өсет Бүкібаев жауап берді. Оның айтуынша, бүгінгі таңда спорт саласында қызметкерлердің жалақысын көтеру олар жататын санаттарға сәйкес келеді. Жаттықтырушыларды, оқытушыларды, әдіскерлерді, спорт мектептерінің директорларын қамтитын педагогтардың жалақысын көтеру лауазымдық жалақының 75 пайызын құрады. 2022 жылы тағы 25 пайызға өседі деп күтілуде.

Азаматтық қызметшілердің еңбекақысы 2022 жылы 23 пайызға ұлғайды, кейінгі жылдары арттыру кезеңімен жүргізіледі және 2025 жылға қарай 100 пайызға жетеді. Ауылдық жерлердегі жас мамандарға лауазымдық жалақысының 25 пайызы қосымша төленеді.

– Облыстық әкімдіктің қаулысымен ҚР Ұлттық құрама командаларының құрамында тұрған спортшылар үшін ай сайынғы ақшалай қаражат бекітілді. Республикалық және халықаралық жарыстарда көрсетілген нәтижелері үшін ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» СЗанына сәйкес көтермелеу көзделген. Мысалы, Олимпиада, Паралимпиада және Сурдалимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне пәтер және басқа да материалдық сыйақы беру қарастырылған, – деп түсіндірді Өсет Қайратұлы.

Дайындаған Наталья ЯКОВЛЕВА.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі қазіргі уақытта 2021 жылғы 12 қазанда бекітілген «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы жұмыс істейтінін түсіндірді. 2020 жылдан бастап медицина қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 20-30 пайызға өседі. Енді, жалақыны одан әрі арттыруға қатысты жоба қаралуда.

– Ағымдағы жылы Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес жас дәрігерлерге көтерілетін жәрдем сомасы ұлғайтылды. Егер маман аудандық және облыстық маңызы бар қалада жұмыс істейтін болса, төлемдер 1,5 миллион теңгені құрайды, ауылдық жерлерде – 2,5 миллион теңгеге дейін, сондай-ақ жалға берілетін тұрғын үйді бірлесіп төлеу, балабақшаларда орын бөлу, жұбайын (зайыбын) жұмысқа орналастыру арқылы дәрігерлерге әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Ауылдық жерге жұмысқа келген мамандар «Дипломмен – ауылға!» жобасы бойынша 100 АЕК-ке тең, 306 300 теңгені құрайтын біржолғы көтерме жәрдемақы, сондай-

ақ тұрғын үй сатып алуға 4,6 миллион теңгеге дейін бюджеттік несие ала алады. Несие 15 жылға беріледі, сыйақы мөлшерлемесі – несие сомасынан жылдық 0,001 пайыз, – деп түсіндірді ведомствоның баспасөз хатшысы Лаура Қуанышқызы.

Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдердің жалақысын көтеру білім беру саласындағы мамандардың жетіспеушілігін толтыруға көмектеседі. Бұл туралы Ақмола облысы білім басқармасының бухгалтерлік есеп және Мемлекеттік сатып алуды қаржыландыру бөлімінің басшысы Махаббат Жексембаева айтты. Алдыңғы үш жыл ішінде Қазақстан Үкіметі педагогтардың жалақысын жыл сайын 25 пайызға жүйелі түрде арттырып отырды. Жалпы көтеруден басқа, біліктілік санаты үшін қосымша ақылар 30-дан 50 пайызға дейін ұлғайтылды. Мысалы, толық оқу жүктемесімен педагог-шебердің жалақысы 373 мыңды құрайды. Ал санаты жоқ жас мұғалім 213 мың теңге алады. Бірақ, егер педагогикалық жоғары оқу орнының түлегі Ұлттық біліктілік тестілеуінен өтіп, қажетті білім деңгейін растайтын болса, онда ол жоғары санатқа

МАМАН ЕСКЕРТЕДІ!

ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖАНУАРЛАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА

ҚР АШМ «Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ, ҚР 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша малдарды, малдардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдау шарттары туралы Сіздерге ескертеді.

Күнделікті Ерейментау ауданы және оның шегінен тыс аумағы бойынша тірі малдарды, малдардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың партияларын тасымалдау жүргізіледі. Халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың тағамдық қауіпсіздігін жүзеге асыру Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген нормаларды сақтап отыру маңызды. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша малдарды, малдардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдау ветеринариялық анықтама сүйемелдеуімен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тасымалдаудың режимін және шарттарын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптармен сақтап, ветеринариялық құжаттарда көрсетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауының, оның салмағының (көлемінің), жалпы санының, таңбалаудың сәйкестігі келген жағдайда. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі өткізілуі қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі Ерейментау ауданының ішкі істер басқармасымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ауылшаруашылық жануарлары мен олардың өнімдерін тасымалдау, сою және өткізу заңдылығын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізілуде.

Ауыл шаруашылығы жануарларын және олардың өнімдерін ветеринариялық ілеспе құжаттарсыз тасымалдау, сою, өткізу ережелерін бұзған жағдайда,

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 406 бап бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету қарастырылған. Мұндай зардаптарды болғызбау үшін ауыл шаруашылығы жануарларының иелері: жаңадан сатып алынған (сатып алынған) жануар (жануарлар), одан алынған төл, оны (оларды) сою және өткізу туралы жергілікті ветеринария саласындағы қызмет атқарушы органдардың бөлімшелеріне, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына уақтылы хабарлауға міндетті.

«Ветеринариялық анықтама беру» – мемлекеттік қызметті жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар көрсетеді. Жануарды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдауды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметтің ветеринариялық анықтама алу үшін мемлекеттік ветеринариялық ұйымға немесе портал арқылы өтініш береді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда бар жануар туралы мәліметтер немесе одан үзінді негізінде малды, өнімді немесе жануарлардан алынатын шикізатты ветеринариялық сараптамадан өткізгеннен кейін ветеринария саласындағы маман, ветеринар дәрігері, ветеринариялық паспортты, сондай-ақ өтініш беру кезінде аумақтың эпизоотиялық жағдайын бағалауды, көлік құралының ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалауды, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық анықтаманы береді, «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығы, ветеринария саласындағы маманның, ветеринариялық дәрігердің қолымен және мөрімен мұрағатталған не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.

Тасымалдауды жүзеге асыру шарттары туралы толығырақ ақпаратты «ҚР АШМ ВБ және ҚК Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ, Ерейментау қаласы, К.Қасымов көшесі 97/Б телефон 8(716-33) 2-37-99 хабарласып білуге болады.

Шорман би Күшікұлы, (1799 –1837 жж.), қазақ даласының белгілі биі, Баянауыл сыртқы округінің заседателі, аға сұлтаны болған XIX ғасырдың ірі қоғам қайраткері.

Орта жүз арғынның ішіндегі Сүйіндік қаржас руынан шыққан, өз еліне танымал Сәтиұлы Күшік шешеннің ұлы. Шын есімі – Жұмабай.

Қуандық руының Қожы төре бастаған жігіттері қаржастардың жылқысын барымталауға келгенде екі жақ сойылдасып, барымташылардан үш адам (ішінде төренің өзі де бар) қаза тапқан. Мұны естіген Уәли хан қаржастарға қыруар жылқы құнын кеседі. Осы даулы, шешімі қиын мәселені өз руының пайдасына шешіп шыққан 15 жасар Жұмабай содан кейін «Бала би» атанып кеткен. Бұл жөнінде өз еңбектерінде Ш.Уәлиханов та жазған.

Осы оқиғаның тағы бір нұсқасы Шоңмен байланысты баяндалады. Жұмабай ханнан жеңіспен оралған соң Шоң оған Шорман деген есім беріп, қаржас руының төбе биі етіп тағайындайды.

Шорман төрелерге билік бермеу мақсатымен сүйіндік арасынан хан тұқымын аластау жөніндегі Шоң бидің саясатын қолдап, оны іске асыруға барынша көмектескен.

Жер дауын шешу, жалпы қазақтарды жерге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шоңмен бірге Батыс Сібірдегі орталық өкімшілікке бірнеше рет хат жолдайды.

Шоңның тапсыруымен Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрмеңкелеріне барады. Архивте Шорманның 1830 жылы Омбыға, 1832 жылы Тобылға барып, губернаторға жолыққаны жөнінде дерек сақталған.

Баянауыл округі ашылғанда Шорман би аға сұлтанның орынбасары болып тағайындалады да, Шоң қайтыс болғаннан кейін оның орнын басады. Алайда Шорман би аға сұлтан міндетін бір жылдай ғана атқарып, келесі жазда дүние салды. Шорманның тұңғыш қызы Зейнеп – Шоқан Уәлихановтың анасы. Үлкен ұлы Мұса мырза Шорманов та Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болған адам, ірі қоғам қайраткері.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Шілде айының 23-і күні Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылдық округі аумағындағы Шорман жайлауында Шорман би Күшікұлы жатқан қорымның басына ескерткіш тас қойылып, ас беріліп, дұға бағышталмақ.

Мәдениет-тарихи бағдарламаның барысында ғылыми конференция ұйымдастырылып, аймақтық ақындар айтысы өтпек.

Келушілер бұдан бөлек көпар, балуандар күресін қызықтап, Баянауыл және Ерейментау аудандары өнерпаздарының концертін тамашалай алады.

Өтетін уақыты: 23 шілде, сағат 10 00-де.

Ұйымдастыру комитеті

БҰҚАР ЖЫРАУ МЕН БАЙЫҚ ШЕШЕННІҢ АЙТЫСЫ

Башқұрттың Байық шешені мен Бұқар жыраудың айтысы – түбі бір түркі тілдес елдердің ерте уақытта өнері өрелес, мәдениеті мазмұндас болғандығының бір дәлелі. Өзімен тілі туыстас, төрі ортақ болса да, татар халқына қарағанда башқұрт елінің тұрмысы қазаққа бір табан жақын болғанын, көне замандарда көшпелі тірлік кешіп, үйірлеп жылқы айдап, бие байлап, қымыз ұстағанын білеміз. Қазақ пен екі арада барымта-сырымтасы да үзілмеген. Тіпті кіші жүз ауылдарын шауып, маза бермеген соң, башқұрттармен талай мәрте қантөгіс ұрыстар болғаны жөнінде де тарихи деректер мол ұшырасады.

Бұл айтыстың нұсқасын сонау кеңес уақытында башқұрт елінен тауып алған марқұм Серік Имантайұлы ағамыз былай деп әңгімелейді: «Тегі бір екі жұрттың етене байланысын Бұқар жырау Қалқаманұлы мен башқұрттың Байық шешен Байназарұлы арасындағы әзіл-оспақты қағысуы да аңғартады. Бұл айтыстың мәтіні Башқұрт республикасының мерзімді әдеби басылымы «Ақеділ» журналының 1970 жылғы 7-санында басылған. Аталмыш журнал менің қолыма өткен ғасырдың 70-інші жылдары іссапармен Башқұртстандағы Кемертау қаласында көмір өндіретін бір кәсіпорынға барғанымда түскен еді.

Байық шешеннің кезінде «тархан» атағын алған әкесі Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман секілді батыр болған екен. Байық шешен 1710 жылы қазіргі Башқұртстанның қазіргі Үшалы ауданында дүниеге келген, яғни ол Бұқар жыраудан 25 жас кіші деген сөз. Байық табан астында өлең шығаруға шебер шешендік қабілетімен бірге асқан шебер күйші де болыпты. Байық шешен 1770-жылдардың басында Башқұрттың әйгілі батыры Салауат Жолайұлына (Юлаев) арнап өлең, 1812 жылы Напалеон Бонапартты жеңіп елге оралған орыс әскерлерін қарсы алып,

«Байық» атты күй шығарғаны жөнінде айтылады.

Байық шешеннің Бұқар жыраумен кездесу себебі былай болыпты. Байназар тарханның Байық, Танып, Тайып, Қайып, Танһық есімді бес ұлы болған екен. Байықтың інісі Тайып башқұрттың Азыналы деген ауқатты адамының қызымен жасырын көңіл қосып, қазақ еліне қашады. Осы жағдайға байланысты Байық та қазақ даласына кетуге мәжбүр болады. Сонда Бұқар жырау Байықпен кездесіп қалып, оған мысқылды түрде жұмбақтап айтқаны:

Естек болдың, бар болдың,
Кең далада зар болдың.
Өзіңе жұмбақ айтайын,
Тапсаң, ұлым етейін,
Таппасаң, құлым етейін,
Күндіз қойды күтерсің,
Кешке жүнді түтерсің.
Ұйқым келді демессің,
Күндіз дамыл өтерсің.
Кең далада қос ағаш,
Қос ағаштың қос басы
Бір қазанға сыймастай.
Қос қошқардың қос басы,
Бар екен ел қасқасы.
Тұрған бейне тақырға,
Ала бөтен қақ емес.
Ай мен күндей екеуі,
Жалғыз-жалқы тақ емес.

Бұқар жыраудың бұл жұмбақ өлеңін Байық шешен былай шешеді:

Кең далам деп айтқаның,
Елінен қашқан бұл естек.
Мақтасын деп күткенің,
Мен де көрген жер екен
Сен де білген жер екен.
Ағатасы ту болып,
Жабужапқан нар қылған,

Жатаған тау сазарып,
Ағаштары қуарып
Төбе-төбе құм қылған.
Емшегінен сүт тамбас,
Шөлдеген жұтым су таппас
Дала дегенің – сол екен.
Үрке қашып қасқырдан,
Өз ботасын қорғаған,
Аруана боздаған
Өзге мұңы болмаған,
Мүлгіп жатқан шөл екен.
Жартастағы бүркітін,
Тұлпар мінген жігітін
Алмастырған бір бүтін.
Түйе үстінде жалбаңдап,
Құлақшыны салпаңдап
Қазақ деген ер екен.
Қос ағашым дегенің –
Кең далада қос ылаш*
Қазағыңды кептірген.
Кең далада Қос Алаш –
Қос ағаштың қос басы,
Тап алаштың қасқасы –
Бір қазанға қос антын
Салып бірге қайнатқан,
Тоқалдай күйеу сыйлатқан
Абылай сұлтан хан екен.

Сонан соң қазақ билері қолға түсіру үшін Байықты іздете бастапты. «Елге айдар, жүрекке қанжар болғысы келеді екен», - деп, оның көзін құртуға ұйғарыпты, ал Байық болса қашып, Оралына қайтып кетіпті...».

Бұқар жырау мен Байық шешеннің айтысын қазақ тіліне аударған белгілі балалар жазушысы Машқар Гумеров. Башқұртстанның тарих және әдебиет институтының фольклор секторының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Нұр Зайыповтың айтуынша, аталмыш айтыс XVII ғасырдың ортасында болған.

*Ылаш – құрт кептіретін биік өре.

Дайындаған Сайлау БАЙБОСЫН

Құрбан айты қызықты өтті

Мұсылман әлеміндегі ұлық мерекелерінің бірі – Құрбан айты. Ол күні халық құрбандық шалып, аруақтарға арнап дұға бағыштап, одан бөлек түрлі мерекелік шаралар өткізіп жатады. Ерте уақытта айт күні ауыл-ауылдар бірігіп ат бәйгесін жасап, көкпар беретін. Кейінгі жылдары ұмытылып қалған осы дәстүр қайтадан жаңғырып, Құрбан айты күні түрлі мәдени-спорттық шаралар өтіп, үлкен-кішілі жамағат жиналып көңіл көтереді.

Ең бірінші, құрбандық шалу дегеніміз не? Мұсылман адам қара басының қамын ғана ойламауы тиіс. Өзім ғана ішсем, жесем, өзім тоқ болсам болды, басқалар не болса ол болсын деген түсінік мұсылманға жат. Өйткені, «Кершісі аш кезде, өзі тоқ түнеген адам бізден емес», «Өзіңе тілеген жақсылықты басқаға да тілемейінше, шынайы мұсылман бола алмайсың», «Мұсылмандар бір дене тәрізді, бір жері ауырса, басқа мүшелерінің де мазасы кетіп, ұйқысы қашады» деген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері күллі мұсылман жұртшылығын бір-біріне жанашыр болуға, қамқорлық жасауға, қиналғандарға көмектесуге, жағдайы нашарларға қарасуға, өзара мейірімді болуға шақырады.

Құрбан айт күні Алла разылығы үшін мал шалынып, ақ түйенің қарны жарылатын күн. Қажылық өтеушілер Қағбаға жүзін қаратып, Арафатта жалбарынып, дұға оқиды. Дүйім мұсылман баласы пайғамбарлардың ісін қайта жаңғыртып, Алла жолында құрбандық шалу арқылы бір-бірін дінге беріктік танытуға шақырады.

Құран Кәрімде өзара таласқан Абыл мен Қабылдың кімнің ақтығын анықтау үшін құрбандық мал шалғандары, соңында Абылдың құрбандығының қабыл болғандығы айтылады («Мауда» сүресі, 27-аят). Осы оқиғадан бастау алған құрбандық шалу Аллаға ғибадат ретінде Жаратқанның елшілері арқылы жүздеген жылдар бойы жалғасып, Ибраһим (а.с.) мен Исмаилдың (а.с.) дәуіріне дейін келіп жетті.

Ибраһим мен баласы

Исмаилдың құрбандық оқиғасы

Ибраһим (а.с.) пайғамбар өзінен кейін халықты тура жолға бастайтын ізгі ұрпақ сұрап, көп жыл бойы Алла тағалаға жалбарынған-ды. Бұл тілегі әбден қартайып, ұрпақ сүюден үміті үзілген қарттық шағында қабыл болмасы бар ма?!

Күндердің бірінде Ибраһим пайғамбар түсінде баласын құрбандыққа шалғалы жатқандығын көрді.

Өз бауыр етің балаңды өз қолыңмен өлімге қайтіп қиярсың?! Мына түстің мұншалықты мысымды басқаны несі?! Белгінің Жаратушыдан келгеніне көз жеткізген Ибраһим пайғамбар оны орындауға бекемденді. Не де болса нар тәуекел! Алланың берген жаны Аллаға аманат.

Баласына мейірлене көз тастады. Көңілі толқып, жүрегі елжіреп қоя берді. Жоқ! Шайтанның азғыруына көнбеген жөн. Ұлы Жаратушы өмірі қайткенде де сөзсіз ор-ындалуы тиіс. Көңілін көптен қобалжытқан жайды баласына ретін тауып айтпақшы болып оқталғаны сол еді, тұтығып, тілі күрмеле берді. Ақыр соңында тәуекелге бел буды. «Балам, түсімде Алланың өмірімен сені құрбандық шалуға ниеттеніп, бауыз-дайын деп жатыр екем. Бұған не дерсің?» – дейді. Баласы әкесінің ойын түсінді. Жүзіне тесіле қараған күйі: «Әкетай, еш тартынба! Хақ тағаланың бұйрығын не болса да орында. Мен де сабырлылық, шыдамдылық танытармын. Тәуекел ет», – деді қасқая.

Әке мен бала бұйрықтың басқадан емес, Ұлы Жаратушыдан келгеніне жете ұғына білді. Сол үшін де кессең мойным міне деп пышаққа түсті. Өттең, қанша қайралса да пышақ өтпей қор қылды. Сонда да жалтармады. Алланың өміріне толықтай мойынсұнды. Соңында сын-сынақтан да сүрінбей өтті-ау. Алланың өзі аян білдірді:

«Әй, Ибраһим! Сен көрген түсіңе адалдық таныттың. Міндетінді орындадың. Исмаилдың орнына құрбандық ретінде шаларсың деп қошқар түсірдім. Біз жақсы құлдарды осылайша марапаттаймыз!».

Иә, Алла тағала сынағаны болмаса Исмаилды құрбандыққа шалуды қаламады. Ол тек Ибраһим пайғамбардың өзіне адалдығына, өмірін қалтқысыз орындауына тәнті болуды қалады. Нағыз тәуекел ете білудің үлгісін паш етті.



Биылғы жылы шілденің 9-ы мен 11-і аралығында келген Құрбан айты еліміз бойынша жаппай аталып өтілді. Бұл дәстүрден Тоқан хазірет атындағы Ерейментау аудандық мешіті де шет қалған жоқ. Айттың бірінші күні дәстүр бойынша айт намазы оқылып, ол жерде аудан әкімі Абай Әлжанов пен мешіттің бас имамы Еркебулан Исенов жиналған жамағатты ұлық мерекемен құттықтап, мұсылман жамағатқа игілік пен ризашылық тіледі. Соңынан, айт дастарханынан кейін мешіт қызметкерлері мен жамағаттың ұйымдастыруы арқылы мейрам мешіт ауласында өткен мерекелік шараларға жалғасты. Бұл жерде кішкентай сәбилерден бастап, ересек адамдарға дейін айт мейрамын барынша қызықтап, айтарлықтай көңіл көтерді. Тіпті сәбилерге арналып үрмелі қалашық пен батутқа дейін орнатылыпты.

Осы арада үлкендер арасында қол күресі, қой көтеру, садақ ату, стол теннисі т.б. спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, медальдар мен сыйлықтар табыс етілді. Бұл күн балалар үшін де ерекше есте қаларлық күн болды. Оларға арналып тегін балмұздақ пен сусын үлестіретін қондырғылар орнатылып, сәбилер шын көңілден мәресіре болды. Сол күні балалардың арасында садақ атудан, нысана көздеуден, мақыл-мәтел айтудан, дойбыдан жарыстар өткізіліп, сыйлықтар берілді. Әйел жамағаты үшін Құрбай айты мейрамы жеке ұйымдастырылғанын айта кеткіміз келеді.

Ерейментауда осы жылғы Құрбан айты нағыз есте қалатын деңгейде өткізілгенін қала тұрғындары әлі де ризашылықпен еске алып жүр.

Біздер газетіміздің өткен санында оқырмандарды Құрбан айтымен құттықтап едік. Енді келесі Құрбан айтында сау-саламат көрісуге жазсын дедік!

Өз тілшіміз

ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

Ерейментау-Ақпарат

қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Куәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4. Меншік иесі ЖК «EMMC-2020» Газет ТОО «Медиа-холдинг "ERNUR" Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады. Таралымы – 1000 дана. Индекс: 66015 Басылу шарттары лист 4 п.л. Тапсырыс № 949

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН Тел: 8771 275 1930 Электронды почта: ereymen.akparat@mail.ru